

Республикалық меншіктегі ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын ерекше маңызды топтық жүйелерден ауыз су беру қызметінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 76 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.05. N 248 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық меншіктегі ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын ерекше маңызды топтық жүйелерден ауыз су беру қызметінің құнын субсидиялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 3 қ а ң т а р д а ғ ы

N 7 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Республикалық меншіктегі ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын ерекше маңызды топтық жүйелерден ауыз су беру қызметінің құнын субсидиялау

ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат есебінен және шегінде республикалық меншіктегі ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық жүйелерінен халыққа ауыз су беру жөніндегі қызметтер құнын мемлекеттік субсидиялау тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Субсидиялар халық мұқтаждары үшін су тұтынушыларға ауыз су беру жөніндегі сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық жүйелеріне қызмет көрсететін кәсіпорындарға (бұдан әрі - Су беруші) қызметтер құнын (шығынын) ішінара өтеуге (арзандатуға) арналады.

3. Субсидиялар Су берушілерге олар үшін белгіленген су тұтыну лимиті

шегінде және республикалық бюджетте ауыз су беру жөніндегі қызметтер құнын субсидиялауға көзделген қаражат мөлшерін ескере отырып, құнын арзандату бойынша су тұтынушыларға бөлінген нүктелерде ауыз су беру жөнінде нақты көрсетілген қызмет үшін төленеді.

4. Берілген ауыз судың 1 (бір) текше метріне бөлінетін субсидия мөлшерін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ауыз су беру жөніндегі қызмет үшін тарифке пайыздық ара қатынасымен белгілейді.

5. Су беруші ауыз су беру жөніндегі қызметіне субсидия алу үшін: жыл сайын су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - Уәкілетті орган) аудандық (қалалық) әкімдікпен және Ауылшарминінің облыстық аумақтық органымен келісілген берілетін су көлемін, қызмет құнын және ауыз су беру жөніндегі қызметтің бекіткен тарифін көрсете отырып, субсидияланған тарифтер бойынша ауыз су беру жөніндегі шартты Су берушімен жасасқан су тұтынушылардың тізбесін ұсынады;

ай сайын Ауылшарминінің облыстық аумақтық органына мыналарды: аудандық (қалалық) әкімдіктермен келісілген және төрт данада жасалған (Су берушіге, су тұтынушыға, Ауылшарминінің облыстық аумақтық органына және уәкілетті органға) субсидияланған тарифтер бойынша ауыз су беру жөніндегі көрсетілген қызмет актілерін;

төлем құжаттарының нөмірі мен олардың төлеген күнін белгілеп, субсидияланған тарифтер бойынша ауыз су беру жөніндегі қызметке ақы төленгенін су тұтынушылармен салыстырып тексеру актілерін қоса беріп, су тұтынушылар бөлінісінде субсидияланған тарифтер бойынша ауыз су беру жөніндегі көрсетілген қызмет көлемінің жинақталған тізілімін ұсынады.

6. Ауылшарминінің облыстық аумақтық органы ұсынылған құжаттарды тексереді және ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне Уәкілетті органға осы Ереженің 5-тармағына сәйкес жасалып, бекітілген жинақталған тізілімдерді және субсидияланған тарифтер бойынша ауыз су беру жөніндегі көрсетілген қызмет актілерінің түпнұсқаларын тапсырады.

7. Уәкілетті орган:

тиісті жылға арналған субсидияланған тарифтер бойынша ауыз су беру жөніндегі шартты Су берушімен жасасқан су тұтынушылардың тізбесін бекітеді әрі оны Су берушіге және Ауылшарминінің облыстық аумақтық органына ж о л д а й д ы ;

осы Ереженің 5 және 6-тармақтарында көрсетіліп, ұсынылған құжаттарды т е к с е р е д і ;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен субсидия

төленуі үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне субсидияланған тарифтер бойынша ауыз су беру жөніндегі нақты көрсетілген қызметтердің жинақталған тізілімін және бөлінетін шоттарды ұ с ы н а д ы ;

субсидиялардың тиесілі сомаларын республикалық бюджеттен қаражаттың түсуіне қарай Су берушілердің есеп айырысу шоттарына есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін аударады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК